

**«Кенжегул ана»бөбекжай балабақшасы»жауапкерлігі  
шектеулі серіктестігі**

**Өндірістік кеңестің хаттамасы  
2023-2024 оқу жылы**

# ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС

## ХАТТАМА №1

05.09.2023ж

Жаңа дала ауылы

### Өндірістік кеңестің хаттамасы №1

#### Күн тәртібінде

1. Балабақша қызметкерлерін ішкі еңбек тәртібімен, лауазымдық міндеттерімен таныстыру. Жұмыс уақытындағы еңбек қауіпсіздік инструктажы.
2. Балалардың өмірімен денсаулығын қорғау. Балалардың күн бойындағы тазалықты сақтау әдебінен есеп беру.
3. Педагог мамандарды жаңа оқу жылында жүргізілетін іс-құжаттарын сараптау, тексеру, бекіту.
4. Жас мамандарға тәлімгер тағайындау. Бағыт бағдар беру. Жас мамандардың талап тілектерін ескеру.

**1. Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі: Г. Назаркулова өндірістік кеңесті өткізу барысында барлық қызметкерлерді жаңа 2023-2024 оқу жылындағы жаңалықтармен таныстырып шықты. Сонымен қатар барлық қызметкерлерді ішкі еңбек тәртібімен және лауазымдық міндеттерімен дауыстап оқып беру арқылы таныстырып шықты қызметкерлер бірме-бір танысқандығын растап қол қойып шықты. Ішкі еңбек тәртібінде балабақша да жұмыс берушімен жұмысшының құқықтарымен міндеттері сөз етілген. Сондай-ақ жұмыс орнына келегендегі киіну әдебі, өзін өзі ұстау әдебі адал, таза жұмыс жасауға балабақша мүлкіне ұқыппен қарауға тіртіпке қатаң бағыну туралы баяндалған.

**2. Тыңдалды:** балабақша меңгерушісі: Г. Назаркулова балалардың балабақшаға келген сәттен бастап тәрбиешілер орындауға тиісті болып саналады. Тәрбиешілер балалардың өмірімен денсаулығы үшін тікелей жауаптылыққа ие. Баланың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықты барлық тәрбиешілер орындауға міндетті болып саналады. Тәрбиешілер барлық күн тәртібі сәттерінде балаға бақылау жасайды. Баланы балабақшаға қабылдап алған кезде медбикенің баланың дене жаракатының бар жоқтығын қадағалау

тәрбиеші міндеті. Тәрбиешілер балалармен сабақ өткен кезде топ бөлмесінде бала үшін қауіпті заттардың тұрмауын қадағалайды. Сонымен қатар баланы үйіне қайтарар кезде мас және ботен адамға, тым кішкентай балаға бермеуін қадағалайды. Тәрбиеші балаларды балабақшаның ауласынан тыс жерге кетіп қалмауында қадағалау керек сонымен қатар балалар демалыс күнінен соң үйінен таза жалпы гигиена талаптарын сақтап келгендігін медбикемен тәрбиеші қадағалау керектігін балабақшаға келгеннен кейін әр тамақтану алдында тазалық шараларын қатаң сақтау керектігін түсіндіріп сөзін қорытындылады.

**3. Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі: Г. Назаркулова жаңа 2023-2024 оқу жылындағы құжаттарды рәсімдеу жұмыстарын түсіндіріп өтті. Биылғы жылда балабақшамызға келген стандарт бойынша әр топ сабақты кіріктірілген әдіспен және балаларды дамытатын ойын түрінде өткізу керектігін түсіндірді. Биылғы жылғы перспективалық жоспарды ұттық құндылықтарға негіздеп соның міндеті аясында бір апталық күн тәртібі яғни циклограмманы жасай отырып балаларды тәрбиелеп білім беру көзделгенін түсіндіріп өтті. Барлық педагогтар келісім берді. Жаңа оқу жылында жасалған перспективалық жоспарлар мен циклограмма тексеріліп меңгеруші тарапынан бекітілді.

**4. Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі: Г. Назаркулова балабақшадағы жас мамандарға тәлімгер етіп меңгеруші Г. Назаркулова сайлансын деп ұсыныс айтты, қызметкерлер бір ауыздан келісім берді. Әдіскер жас мамандарға жыл бойы жүргізілетін жұмыстарына көмек көрсетіп олардың тура бағытта жұмыс жүргізуіне бірден-бір қол ұшын беретін олардың талап-тілектерін ескеріп қарауы керектігін тапсырды. Әдіскер келісті. Сонымен қатар жас мамандар өз тәжірибесін арттыру мақсатында басқада балабақшаларға барып, білікті мамандардан тәжірибе алмасуында әдіскер жағдай жасау керектігін ескертіп өтті. Мақсатымыз Балаларға тәрбиемен білім беру барысында жас мамандарды оңтайлы жолмен алып жүрі. Тәжірибесін шыңдау. Жас мамандардың бес білім дағдысы бойынша балаларды тәрбиелеп білі беруіне жағдай жасау деп меңгеруші: А. Зиябекова сөзін аяқтады.

## Шешім:

1. Балабақшада барлық қызметкерлер ішкі еңбек тәртібіне сай жұмыс жүргізісін.
2. Балалардың өмірімен денсаулығын қорғау үшін қажетті барлық шаралар қолға алынсын.
3. Әдіскер тарапынан педагогтардың жұмыс жоспарларының сапасы ай сайын бақылауға алынсын.
4. Жас мамандарға әдіскер тарапынан ұдайы көмек көрсетілсін. Қажетті жағдай жасалсын.

Өндірістік кеңеске қатысқандар- 12

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



# ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС

## ХАТТАМА

04.12.2023ж

Жаңа дала ауылы

### Өндірістік кеңестің хаттамасы №2

#### Күн тәртібінде

1. Өткен жиналыстағы қаулылардың орындалуы туралы.
2. Ішкі еңбек тәртібінің орындалуы. 2024 жылғы Еңбек демалысын ұйымдастыру.
3. Техника қауіпсіздігі нұсқаулықтарының орындалуы.
4. Азаматтық қорғаныс және сейсмо жаттығулары. (Жер сілкінісі кезіндегі әрекеттер)
5. Жаңа жыл ертеңгілігінің жоспарын талқылау, балалар қауіпсіздігін ұйымдастыру.
6. Әр түрлі мәселелер

**1. Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі: Г. Назаркулова өткен кеңес шешімі бойынша барлық топта тазалық жұмысы ұдайы жүргізіліп, барлық топтың жылы температурасы бір қалыпты болғанын, сонымен қатар балалардың балабақшадағы қауіпсіздікті сақтау шаралары жүргізілгені және тәрбиешілерге сабақ жоспары бойынша күнделікті көмек көрсетілгенін айтты. Жас мамандарға түсіндіру жұмыстары күнделікті жүргізілді.

**2. Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі: Г. Назаркулова ішкі еңбек тәртібі бойынша барлық қызметкерлер жұмысқа уақытында келуге, тәрбиешілер формамен балаларға сабақ жүргізу керектігін ал, тәрбиеші көмекшілер балаларға тамақ беріп ыдыс жуғанда арнайы форма ал, еден жуып бөлме тазалағанда басқа форма киіп қызмет атқару керектігін. Балабақшада этика – эстетика нормаларын сақтау керектігін. Балабақша ішіндегі қандайда бір мәселені өз ара талқылауға сыртқа шығармауға барынша әдеп сақтау керектігін түсіндірді.

Сондай-ақ 2023-2024 оқу жылында кезекті еңбек демалысына қай қызметкер қай уақытта шығатыны талқыланды. Нәтижесінде әр қызметкер жазғы

демалысқа құрған жоспарына сай кезекті демалысқа шығаруын меңгерушіге ұсынды. Меңгеруші келісті.

**3.Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі:Г.Назаркулова барлық қызметкерлерді техника қауіпсіздік ережелерімен таныстырып баяндама оқып шықты. Жалпы аяқ-асты болатын қауіп қатерден сақтану керектігін қызметкерлер түсінді. Барлығы қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулыққа қол қойып шықты.

**4. Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі барлық қызметкерді кез-келген уақытта табиғит апаттың орын алуы мүмкін екендігін түсіндіріп кетті. Сондай жағдай болғанда барлығымызға белгілі қорқыныштан сасып тығырықтан шығар жол таппай қаламыз. Барлығы келісті. Меңгеруші сөзін жалғасытырды. Біз осындай апатты жағдайда өзімізді-және балаларды апатты жағдайдан аман алып қалу үшін. Жаттығу жасап дайын болуды ұсынды. Тәрбиешілер келісті. Ертең барлық топта жер сілікініс жағдайына байланысты жаттығу жасап дайындық өткізіңіздер.меңгеруші:Г.Назаркулова қадағалайтынын айтты.

**5. Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі:Г.Назаркулова жаңа жыл ертеңгілігі өткізілетінін соған орай уақытылы сценарий құрылып, балалардың өміріне қауіп төндірмейтіндей жағдайда өткізу керектігін айтып кетті. Балалар ән айтып, би билеп жақсы көңіл-күйде болатындай жағдай жасалыну керектігін ескертті. Тәрбиешілер келісті.

**6. Сөз сөйледі:** балабақша медбике: Г.Назаркуловаға балабақшаның тазалығы жөнінде және Таңғы жаттығуды күнделікті жасалуын қадағалауды тапсырды.Сондай-ақ балалардың тұмау болып қалмауын ата-анамен байланыс арқылы қадағалауды ескертті. Ата-анамен жылы сөйлесіп,балаларға ұрыспай әдемі сөйлеу керектігін ескертті.Тәрбиешілер келісті.

## Шешім:

1. Балабақша ұжымы ішкі еңбек тәртібін қатаң түрде сақтасын. Азаматтық қорғаныс бойынша жиі жаттығулар өткізсін.

2. Техника қауіпсіздігімен барлық қызметкерлер танысып, оны қатаң сақтасын.

3. Жаңа жыл ертеңгілігі тиісті деңгейде өткізілсін. Балалар қауіпсіздігі сақталсын. Ертеңгілікте балалар толықтай медбике бақылауында болсын.

Өндірістік кеңеске қатыскандар- 12

Кенес төрайымы:

Хатшы:



Г. Назаркулова

У. Жауабай

# ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС

## ХАТТАМА

20.03.2024ж

Жаңа дала ауылы

### Өндірістік кеңестің хаттамасы №3

#### Күн тәртібінде

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Тамақтанудың ұйымдастырылуын тексеру қорытындысы
3. Балабақшадағы гигиеналық шаралардың жүргізілу барысына талқылау.
4. Өткізілген іс-шараларды қарап талқылау.
5. Жаз мезгіліне жалпы дайындықты жүргізу. Жаз мезгіліне тамақтануды ұйымдастыру.
6. Әр түрлі мәселелер.

**1.Сөз сөйледі:** балабақша меңгеруші:Г.Назаркулова өткен кеңес шешімі бойынша балабақша қызметкерлерінің барлығы ішкі еңбек тәртібіне сәйкес қызмет атқарғанын сондай-ақ, жоспар бойынша жылдық жоспарда қойылған іс-шараларға белесене қатысып балалардың қызығушылығы артып жатқанын айтты.Жоспар бойынша қызметкерлер азаматтық қорғанысқа түрлі жаттығулар жасап төтенше жағдайға өте сақтық шараларын жасап жатқандығын айтты. Балабақшада қызметкерлер техника қауіпсіздігін сақтап нұсқаулықпен таныстырылды. Сондай-ақ жоспар бойынша ертеңгіліктер сонын ішінде жаңа жыл, наурыз мерекелері жақсы деңгейде өткізілгендігін айтуға болады. Тәрбиеші көмекшілері жұмыс барысында екі ауысымды формада қызмет атқарып талапқа сай жұмыс атқаруда.

**2.Сөз сөйледі:** балабақша меңгеруші:Г.Назаркулова мектеп жасына дейінгі баланың дұрыс тамақтануының негізгі ережесі – күнделікті азығының құрамы барынша сан алуан болғаны дұрыс. Бала ағзасына пайдалы дәрумендері бар: ет, балық, сүт және сүт өнімдерін, жұмыртқа, жеміс-жидектер мен көкөністер, қант және кондитерлік бұйымдарды, нан, дәнді-дақылдар және т.б. азық-түліктерін күнделікті тамақ үлесіне қосып отырған жағдайда баланың берік денсаулығын қамтамасыз ете алатынын айтып өтті.

Бала ағзасының әртүрлі инфекцияларға қарсы тұруын ет, балық, жұмыртқа, сүт, айран, ірімшіктің құрамындағы жоғары сапалы табиғи ақуыздар қамтамасыз етеді. Сондай-ақ дұрыс тамақтану – өсіп келе жатқан жас ағзаның денсаулығы мен дұрыс өсуіне жағдай жасап, үнемі әсерін беретін маңызды фактор екенінде айттып кетті. Тамақтану ережесін ұйымдастырудың негізі – ұсынылған азық-түліктер жиынтығын ұстану болып табылады. Осы топқа енетін тағамдардың құрамы мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиялық қажеттіліктері мен калорийлік құндылығын қамтамасыз ететінін айтып медбике Г.Назаркуловаға тағам сапасымен дұрыс ұйымдастырылуын тапсырды. Медбике Г.Назаркулова келісті.

**3.Сөз сөйледі:** балабақша меңгеруші: Г.Назаркулова Балалық шақтың алғашқы күндерінен бастап баланы гигиеналық дағдыларға үйрету керек. Бұл процесті бала өсіп толсын әлі кішкентай деп кейінге қалдыруға болмайды.Бұл қате пікір. Ұқыпты боп жүру , қолдарын , денелерін таза ұстап , шаштарын тарап , аяқ киімдерін таза ұстау маңызды .Балалар бұл әрекеттің барлығы айналаға деген сыйластықтың белгісі екендігін түсіну керек екендігін айта отырып өзіміздің балабақшамызда гигиеналық талаптардың қандай дәрежеде орындалып жатқандығына көз жүгіртсек деді. Балабақша медбикесі Г.Назаркулова барлық топта жеке бас гигиенасын орындауға жағдай жасалғандығын айтты. Балалар тамақтануға қолдарын жуып таза жүретінін айтты. Сонымен қатар әдіскер тәрбиешілерге тек медбике емес, өздерінің де гигиеналық мәдениетке дағдыландыру керектігін айтты. Тәрбиешілер келісті.

**4. Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі жоспар бойынша сәуір айына дейінгі өткізілген барлық іс-шараларға көз салуды айтты. Алтын күз, жаңа жыл, наурыз т.б. Іс-шаралардың өтілу барысы қалай болды. Іс-шараларды өткізудегі мақсатқа жете алдықпа? Сонымен қатар қандай кемшіліктер жіберілді сол кемшілікті жойып алдағы уақытта кемшіліктің болдырмау жолдарын қарастыруды педагогтарға қатаң тапсырды.

**5. Сөз сөйледі:** балабақша меңгерушісі:Г.Назаркулова жаз мезгілінің келуіне орай балабақшаның дайындығын реттеу керектігін айтып кетті. Балабақшада әктеп тазалау жұмыстарын жүргізу керектігін ойын алаңдарын сыпырып тазалау жұмыстарын жүргізу, балалар ойнау үшін құм толтырып ойыншықтар әткеншектер реттелу керектігін айтты.Даладағы көктемгі шоптерден алаң толықтай тазартылып балалар қауіпсіздігі сақталуын сонымен қатар жаз мезгіліндегі тамақтануды қолға алуды медбике Г.Назаркуловаға тапсырды. Барлық қызметкерлер келісті.

6. **Сөз сөйледі:** балабақша әдіскері медбике Г.Назаркулова. балабақшаның тазалығы және менюдың дұрыс жасалуы жазғы мезгілдегі таңғы жаттығулардың дұрыс ұйымдастырылуын қолға алу керектігін айтты. Барлық педагог күн тәртібіне сәйкес жұмыс жүргізуді қатаң тапсырды.

### Шешім:

1. Балабақшада жаз мезгіліне дайындық шаралары жүргізілсін. Жаз мезгіліндегі тамақтану сапаға сай ұйымдастырылсын.
2. алда өткізілетін іс-шараларға жоспарлы дайындық жүргізілсін.
3. Балаларға мәдени гигиеналық талаптарды сақтауда жаппай балабақша қызметкерлері атсалыссын.

Кенес төрайымы:

Хатшы:



# ӨНДІРІСТІК КЕҢЕС

## ХАТТАМА №4

27.05.2024ж

Жаңа дала ауылы

Қатысқандар саны-15

### Күн тәртібінде

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту
3. Жазғы мезгілде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық
- 4.Өрт қауіпсіздігі техникасын сақтау

**1.Тыңдалды** балабақша шаруа меңгерушісі: С.Ананас өткен кеңестің қаулылығының орындалуы туралы есебі. Балабақша аулалары көшеттермен толықтырылды, ағаштар түптері әктелді, аландарға гүл көшеттері отырғызылып, оларға күтім жасалып жатқанын айтып өтті.

Мейірбике:Г.Назаркулова Топтардағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы бойынша айтылған кемшіліктер орындалғанын,тазалық жұмыстары толыққанды жүргізіліп жатқанын айтып өтті.

**2.Тыңдалды** Жазғы сауықтыру шаралары туралы тәрбиешілер, медбике және әдіскер өз жұмыс жоспарлары мен таныстырып өтті. №5 педагогикалық кеңесте бекітілген жазғы сауықтыру іс шаралар жоспарымен кіші қызметкерлерді таныстырды.. Бекітілген іс шара жоспары бойынша «Доп» мерекесін, «Гүлдер» мерекесін, «Қала үстіндегі әсем шарлар» және «Спорт күні» мерекелерін өткізетіндіктерін айтып, қаржылай көмек керектігін айтып өтті

Меңгеруші керекті құралдармен толық қамтамасыз ететіндігін білдірді. Медбике:Г.Назаркулова «Жұқпалы ауруларға қарсы» кеңестерін, «Тамақтану туралы» ескертулерін және балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу жоспарларымен таныстырды.

**3.Тыңдалды:** балабақша меңгерушісі Г.Назаркулова балалардың жаз мезгілінде денсаулығы мен өмірін қорғау нұсқаулығымен таныстырды. Әрбір қызметкер баланың өміріне жауапты. Мекеме гимараттары, ойын

алаңы мен атракциондары өз мезгілінде тексеріліп тұру керек. Тәрбиешілер мен күтушілер жаз мезгілінде балаларды құммен ойнауда, бассейнге шомылуда қауіпсіздік ережелерін сақтауға тиіс. Сонымен қатар, серуенге әрбір ойын алаңын алдын ала тексеріп шығуы керек. Жаз мезгілінде жұқпалы аурулардың көбейетінін айта келе меңгеруші қызметкерлерді нұсқаулықты қатаң орындауды талап етті.

Қызметкерлер толық келісім берді .

Пікір білдірді Балабақша медбикесі:Г.Назаркулова сөз алып, балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жайттарды жою және алдын алу шаралары ай сайын жүргізілетіндіктерін сөз етті.

4.Тыңдалды меңгеруші:Г.Назаркулова өрт қауіпсіздігі техникасын сақтау туралы түсіндіру жұмысын өткізді.Асхана қызметкерлері мен шаруа меңгерушісіне жұмыстарын толыққанды жүргізуді ұсынды. Қызметкерлер келісім берді.

#### Шешімі:

- 1.Өткен кеңестің қаулыларының ордалуы қанағаттанарлық.
- 2.Жазғы сауықтыру шараларын орындау барлық қызметкерлерге жүктелсін.
- 3.Балалардың жаз мезгілінде денсаулығы мен өмірін қорғау нұсқаулығы өткізілсін, толық орындалсын.
- 4.Өрт қауіпсіздігі техникасысын сақталсын.

Кенес төрайымы:

Хатшысы:

